



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 9 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 8 Ж Ы Л Ғ Ы 1 8 Н А У Р Ы З

Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2008 жылғы 14 наурызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	19 469,9	19 123,5
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	17 327,0	17 327,0
Алтын	2 142,9	1 796,5
Ақша базасы, млрд. теңге	1568,6	1 568,6
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 476,0	1 476,0
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	92,56	92,56
КЗТ/USD (кезең аяғында)	120,60	120,30
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	988,25	828,50

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-дағы таза активтер – бұл жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2008 жылғы наурыздың бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 2,3%-ға немесе 429,5 млн. долл. өсті.

Ішкі валюта нарығында валюта сатып алу және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың азаюымен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 395,7 млн. долл., әлемдік нарықтардағы бағасының 2,0% өсуі нәтижесінде алтындағы активтер 33,8 млн. долл. өсті.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері тұрақты бағамен 2,1%-ға, ЕАВ-дағы таза активтері 2,3 %-ға өсті, алтындағы активтері 0,4 %-ға азайды.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 22 844,6 млн. долл.) 42 316,9 млн. долл. құрап, 1,7%-ға өсті.

Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің 2008 жылғы наурыздың бірінші жартысында азаюы ақша базасының 0,7%-ға немесе 10,9 млрд. теңгеге тарылуына себепші болды.